

слух, многозначна: хозяйки любят стиральный порошок «Лоск» или чистоту - лоск).

Чистота – чисто Тайд (реклама стирального порошка Tide)

Сухая кожа – счастливый малыш (реклама памперсов для детей)

Клей *Момент* – цены Момент

Напиток *Bravo*. Граждане России имеют *Bravo* на отдых и *Bravo* на труд.

Власть языка, сила слова – это то, что достойно и восхищения, и опасений, и учета особенностей в процессе его перевода. Представляется странным запрещать рекламистам то, что использует нормальный человек в повседневной жизни, и чем обычно мы восхищаемся в речах известных ораторов. Однако в рекламе о покупке, о трате денег, о принципах добросовестной конкуренции, определенные ограничения все-таки должны быть. Ограничения должны касаться не конкрет-

ных лингвистических приемов, а того, как они используются. Переводчикам, рекламистам и тем, кто выносит суждение о юридической и этической допустимости рекламы, необходимо уметь анализировать лингвистические приемы, поскольку именно они служат инструментом манипулятивного воздействия.

1. Топор П.М. Перевод в системе сравнительного литературоведения – М.: Издательство Наследие, 2000. – с. 221.

2. Dyer G. Advertising as Communication. – London. 1995. – с. 463.

3. Пирогова Ю.К., Паршин П.Б. Рекламный текст, семиотика и лингвистика. – М.: издательство Гребенникова, 2000 – с. 250ю

\*\*\*

It is said about translation and verb expressions of advertisements.

\*\*\*

Мақалада жарнамалық мәтінді аудару мен етістікті сөз тіркестері қарастырылады.

*Л. Дәуренбекова*

## КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ «ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕРКІНДІК» ҰҒЫМЫ

Қазақ көркем аударма теориясында өзге де аударма түрлерімен қатар «Еркін аударма» түсінігі термин ретінде қалыптасты деп айта аламыз. «Еркін аударма – түпнұсқаның тілін жетік білмеуден, немесе сол түпнұсқаның (оригиналдың) ұғымды болуынан көрі, өзіне тиімділігін-онайлығын көздеуден туады» деген анықтама да жиі айтылады. «Түпнұсқаның тілін жетік білмеуден туады» – деуге толығымен келісуге болмайды. Себебі, еркін аударуда да белгілі бір мақсат көзделеді. Мәселен, XIX ғасырдың II жартысында Ы.Алтынсарин мен А.Құнанбаев сынды тұлғаларымыз қазақ топырағына алғашқы аударма әдебиеттің үлгілерін әкелді. Олардың аудармалары аударманың еркін аударма түріне жатқызылады. Бірақ, жоғарыдағы анықтамада айтылғандай Ыбырай, Абайлар өзі аударып отырған туындысының тілін түсінбеді деп айта алмаймыз. Мейлі түпнұсқадан аударсын, мейлі ара тілден аударсын аударатын шығарманы ағартушылық қызметке пайдалану себепті, тәржімаларына өз идеяларын, өз көзқарастарын қосып, соған үндегені анық. Еркін аударма түрімен, аудармадағы шығармашылық еркіндікті шатастырмауымыз керек. Аударма барысында еркіндік болмаса, яғни, аудармашы өзін еркін сезінбесе аударманың сіресіп шыға-

тыны айқын. Бізде көркем аудармаға баға берген кезде, аударманың түпнұсқадан сәл ауытқығаны, немесе әр сөз, азат жолдардың дәл берілмеуі байқалса «аударма идеясы түпнұсқадан ауытқымағанымен, бұл - еркін аудармаға жатқызылады» деп шартты түрде кесіп айтушылар бар. Бұл қате пікір. Еркін аударма түрі деп, Абай, Ыбырай аудармаларын мысал ретінде алуға болады. «Алтынсариннің еркін аударған шығармаларында кісі аттары да өзгертіліп, қазақша алынған жерлері де бар» [1, 214-б.]. Бір айта кетерлігі, қазақ аудармашыларының аудармаларында шығармашылық еркіндік басым. Сондықтан да болар, түпнұсқаға қарағанда аудармалардың көлемі де үлкен болып келеді. Яғни, суреттеу, бейнелеу жағынан еркіндік басым түсетіні рас. Шығармашылық еркіндікті аударматанушы әрі аудармашы Ә. Сатыбалдиевтің анықтамасына сүйене отырып түсіндірейік. Ә. Сатыбалдиевтің интерпретациялық ұстанымы – түпнұсқаны барынша дәл жеткізу. «Аудармашының түпнұсқа шеңберінен шығып кетуге қақысы жоқ. Түпнұсқа мәтіні қандай аудармашыға болмасын бұлжымас заң. Ал, аударма үдерісінде кейбір еркіндіктер, мәселен, бір сөзді немесе бір ұғымды басқа сөзбен беру кейде түпнұсқа әрпінен аулақтау – бұлар ауытқу емес,

сапалы аударма жасаудағы әдіс-амалдар болып табылады» [1, 214-б.], – дей отырып, Ә. Сатыбалдиев түпнұсқа мәтіннің коммуникативтік ақпаратын дәл жеткізеді. Аудармашының орыс, өзбек тілінен жасалған қай көркем аудармасын алсақ та, оқырман жүрегіне төл туындыдай әсер етері анық. Өйткені, ол көркем аударма шарттарын жақсы меңгерген. Шығармашылық еркіндікті қай дәрежеде қолданылғандығын байқау мақсатында аталмыш аудармашының аударған шығармаларының түпнұсқасы мен аударма мәтіндерін қатар ала отырып қарастырайық. Өзбек жазушысы Ш. Рашидовтың «Дауылдан да күшті» романын аудару барысында еркіндік пен дәлдікті шебер ұштастыра отырып, қазақ тіліне жатық жеткізеді.

Романда «Тың және тыңайған жерлерді игеру» науқанына байланысты, шұрайлы да, жазық жерлерді игеріп, гүлстанға айналдыру мақсатындағы күресті күндер сипатталады. Басты кейіпкерлер: Айқыз, Әлімжан, Жорабаев, Погодин, Смирновтар тау мен шөл даладағы жайсыз үйлерде тұратын колхозшыларды жаңа жерлерге, үй салып көшіріп шаруа мен мәдениетті көтеру, мемлекеттің ақ алтынын байыту жөніндегі ұсыныс-тілектері, халықтың тірнектеп жиған табысын өзі ғана иеленіп отырған колхоз басшысы Қадыровқа ұнамайды. Қарсы шығып, кедергі келтіргенімен жеңіліс табады. Жанқиярлық еңбектің нәтижесінде, мидай жазық далаға сәнді үйлер бой көтеріп, дала ақ алтынға толды.

Шығармада бірнеше оқиғалар тізбектеліп берілген. Қай жағынан алсақ та, түпнұсқа мен аударма мәтін бір-біріне сәйкес келеді. Оқырман үшін аударма түпнұсқаның жазылған кезеңінен хабар беріп отыруы керек. Көркем аудармадағы ақпараттарды қабылдау арқылы мәтінмен жеке байланысқа түседі. Яғни, қабылданған мәлімет рецепторға терең ықпал етеді. Демек, оқырман мен мәтін арасында коммуникативті әсер пайда болып, прагматикалық байланыс орнайды. Ә. Сатыбалдиев аударма барысында шығармашылық еркіндікті қолданғанымен, негізгі ойдың желісінен ауытқып кетпеген. Көркем туындыны аударған кезде соншалықты көп күрделі сұрақтар туындайды, олардың тамырына үңіліп, түпнұсқаның рухын сезіне отырып, өз көңілін қалағандай аударған дұрыс. Жалпы, аударма теоретигі ретінде Ә. Сатыбалдиевтің бағыты да осы. Аудармада шығармашылық еркіндіктің түпнұсқаның шеңберінен шықпай, автордың бар стилін сақтай отырып, аударманы оқуға жеңіл және тартымды етіп шығаруды, сондай-ақ, түпнұсқаның ықпалына түсіп кетпей, оның барлық бояуын, ырғағын, ой астарын ана тілінің

заңды жүйесінде жеткізе білу керек екендігін басты орынға қойып, бұл ойын көркем шығармаларды аудару барысында ұстанады. Мысалы, «Қатартал қыстағына көктем ерте шықты. Бірнеше айлар бойы тау баурайын көрпедей қымтап, тұтаса жауып жатқан қалың қар әлдеқашан ақ еріп кеткен. Жақпар тастар мен төбелердің теріскей жағында, ой-шұқырларда жасырынып қалған қар пәршелері көктем күнінің ыстық лебімен қазанға түскен майдай еріп, сай-жылғаларды қуалай сарқырап ағып жатыр» [2, 3-б.]. Аудармашы романды осылайша Қатартал қыстағын суреттеуден бастаса, түпнұсқада өрік ағашының астындағы биік сәкіде жатқан Мұрат-әліні таныстырудан басталады. Демек, аудармашы қазақ оқырмандарына шығармада маңызды орын алатын Қатартал жерін қазақ оқырманына жақынырақ таныстыру үшін, бейнелі түрде еркін жеткізуді мақсат еткен. Сондай-ақ, оқырман үшін түпнұсқадағы ойды айқындап беру мақсатында мәтінге аудармадағы ұлғайту әдісінде еркін қолданады. Ә. Сатыбалдиевтің өз сөзімен айтқанда, «кейбір сөз ауыстыру, қосарлау, үстемелеу деген сияқты нәрселер шығарманың көркемдік бояуы мен эмоциялық әсерін жеткізе түсу мүддесімен келген» [1, 148-б.]. Бұл ойы келесі мысалдар да аңғарылады.

«...Қатартал қыстағының табиғаты да тез-ақ жанданып, күннен күнге құлпыра бастады. Тау бөктерлері мен сай-салалар көктемнің еркетайы болған гүлдер мен көк балаусаға малынып, тамылжи бастады. Күн ысыған сайын өсімдік те қоюлана түсті, бірте-бірте өсіп, ұлғайып, көріктене берді. Сайдың екі бетіндегі сирек біткен ағаштар да енді-енді бүршік ата бастаған еді» [2, 3-б.]. Аудармашы ішкі түйсігіне сүйене отырып, мәтінге бір азат жол қосу арқылы дәл нысанаға тиіп, табиғатқа жан бітіреді

Түпнұсқада: «Олтинсой чуллари теп-тегис, ерлари куйруқдай семиз ва серхосил, куриқ ва буз ер очишнинг харажати оз» [3, 16-б.], – деп белгілі бір ойды аяқтап, келесі оқиғаға көшеді. Ал, аудармада: «Алтынсай жазығы мидай дала; топырағы шұрайлы да құнарлы, ал мұндағы тың және тыңайған жерлерді игерудің шығыны да аз» - дей отырып, «Соны ойлаған Айқыз, қыстақ советіне қарасты колхоздардың бар мүмкіншіліктерін терең зерттеп, есеп-қысабын алғаннан кейін, диқандармен, механизаторлармен, басшы қызметкерлермен кең түрде әңгіме жүргізді де, тың және тыңайған жерлерді игеру жұмысын осы көктемнің өзінде-ақ бастап жіберген жөн болар деген қорытындыға келді» [2, 15-б.], – деп өз жанынан қосып, түпнұсқадағы ойды айқындай түседі. Себебі, романның басты мотиві

тың және тыңайған жерлерді игеру жолындағы Айқыздың бастамасын беру. Өжеттілігін, еңбек-қорлығын көрсету болса, аудармашы оны дәлелдермен нақтылайды.

«Олтинсойлиқлар оммавий чиқишга тайёрларнардилар. Хар бир ховлида ва устахонада кетмон ва белкурақларни чархлар эдилар, кийм тиктириб, этик ва ботинка хозирлардилар» [3, 44-б.], – деген, сөйлемнің алдына: «Өмірде не бір салтанатты кезеңдер болады. Ол кездерде кісінің жүрегі қайрат-жігерге толып, еңбекке деген зауқы, ықылас, ынтасы арта түседі» – деп, Алтынсай тұрғындарының тың және тыңайған жерлерді игеру үшін қандай көңіл-күйде, қандай дайындықта жүргендерін түсіндіру мақсатында оқиға алдына кіріспе қосады. Жоғарыдағы сөйлемге «Сол сияқты, алтынсайлықтар да тың және тыңайған жерлерді игеру жолындағы жаппай жорықтың басталуын ұлы мейрамды күткендей-ақ шыдамсыздана күтіп жүр. Әрбір аула мен шеберханада кетпен мен күректер қайралуда, киім тіктіріліп, етік, ботинкелер сайлануда» [2, 42-б.], – деп, аудармашы қандай жорық екені түсінікті болу үшін әсерлеп, көркемдеп ойды ұлғайтып береді де, әрмен қарай тұрғындар дайындығын түпнұсқадағыдай дәл аударып береді. Әрине, бірден өзбек тіліндегідей, «Алтынсайлықтар жорыққа шығуға даярлануда» деп бірден бастаса, қазақ оқырманына түсініксіз болар еді.

«...Бу пайтда водийдаги ерлар анча исиб қолган эди. Аллақачон қорлар эриб, ерлар қуриб, бахор хиди анқиб турарди. Тоғда булса, эртаюкеч изғирин эсиб турар, совуғи суяк-суякка утиб кетарди. Бирок, олтинсойлиқлар аччиқ совукни хам, изғирин шамолни хам писанд қилмай, ёнбағирларни хайдаб, дон сепишда давом қилардилар» [3, 12-б.].

Аудармасы: «...Бұл кезде қырдағы жазық жерлер едәуір қыза бастаған еді. Өлдеқашан-ақ қар еріп, жер құрғап, көктемнің ісі аңқып тұр-

ған-ды. Тау жақта болса, ертелі-кешті ызғырық соғып, суығы кісінің сүйек-сүйегіне өтеді. Бірақ алтынсайлықтар жай суықты да, ызғырық желді де елемей, тау беткейлерін айдап, егін егуге кірісіп кетті» [2, 113-б.]. Автор Алтынсай тұрғындарының еңбекқор екендігін көрсету үшін, сол сәттегі күннің суықтығын суреттеу арқылы ұтымды тәсіл қолданған. Аудармашы да автордың бейнелеу тәсілін сақтап аударғандықтан, аударманың көркемдігі жоғары болып шыққан.

Кейде тәжірибелі және мәтінді терең түсінген аудармашының өзі авторды қабылдай алмай қиналуы мүмкін. Сондай кезде қаншалықты тырысқанымен аудармашы автор стилінің терең иірімдерін таба алмай, тамаша үйлесімділік тудыра алмайды. Мұндай кемшілік Ә. Сатыбалдиев аудармасында кездеспейді. Себебі, аударма үдерісі кезінде аудармашы түпнұсқадағы ақпараттарды толықтай қамтып бере алады. Аударылып отырған ел мәдениетін, тілін, тарихын салт-дәстүрін жақсы білгендіктен, автордың сезімі мен ойын оқырманға жеткізу үшін пайдаланған тілдік құралдары да сәтті шыққан.

Сонымен, тәржімашы аударма барысында туындыға шығармашылық еркіндікпен қалам тербегенімен, түпнұсқаның жазылған кезеңін, қабылдаушы оқырман деңгейін, екі елдің тілдік психологиялық, жекелеген категорияларын ескере отырып, ең бастысы, түпнұсқа ойынан, автор идеясынан ауытқып кетпеуі тиіс.

1. Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. – Алматы: Жазушы, 1987. – 229 б.

2. Сатыбалдиев Ә. Дауылдан да күшті. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959. – 286 б.

3. Ш. Бурондан кучли. – Тошкент: Ғ. Ғулом номидаги Адабиет ва санъат нашриети, 1979. – 289 б.

\*\*\*

На примере переводов А. Сатыбалдиева рассматривается понятие творческой вольности в художественном переводе.

\*\*\*

The concept of creative liberty deals with in artistic translation on the example of A. Satybaldiyev.

Э. Т. Жанысбекова

## ПОНЯТИЕ ПЕРЕВОДЧЕСКИХ ТРАНСФОРМАЦИЙ И ИХ ОСНОВНЫЕ ВИДЫ

Процессом перевода или переводом в узком смысле этого термина называются действия переводчика по созданию текста перевода (собственно перевод). Термин «процесс» применительно к переводу понимается нами в чисто

лингвистическом смысле, то есть, как определенного вида языковое, точнее межъязыковое преобразование или трансформация текста на одном языке в текст на другом языке. «Переводческие трансформации – это те многочисленные